

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

айқын жоғарлатады, баяндап тұрған тақырыптың динамизмін және айқындылық көрсеткішін көтереді, оқушының сабақта жалығуына жол бермей, оқуға ынталандырады.

Электронды дәптерді жүйелі жұмыс істеу жүйелілік және қорытындылай білу, өз көзқарасын дәлелдей дағдысына икемдейді. Осының негізінде мынандай қорытындыға келуге болады, заманауи білім беру жүйесіне сай, дәстүрлі оқыту әдістерінен өзгешіліктерді назарға ала отырып, жан-жақты тұлғаны дайындау үшін электронды жұмыс дәптерін жүйелі пайдалану қажеттілігі туындап тұр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рабиновича П.Д., Баграмяна Э.Р. Практикум по интерактивным технологиям. БИНОМ. «Лаборатория знаний», 2007. – 700с
2. ГОСТ РК «Информационная технология. Электронное издание». Электронное учебное издание. 2005
3. Башмаков И.А. Разработка компьютерных учебников и обучающих систем. – М.: Информационно-издательский дом —Филин, 2003.

ӨОЖ 37. 016. 02:004 (574)

КӘСІПТІК ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мағзұм Жамалтай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ақпараттық технологиялар
факультетінің 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Тұлымшақова Гүлнұр Қанатқызы

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Информатика және ИОӘ кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі, Талдықорған, Қазақстан

Байғожанова Мөлдір Әлібиқызы

ҚазҰӨУ колледжі «Бейнелеу өнері» ПЦК оқытушысы, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байғожанова Д.С.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғалығын қарастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, сонымен қатар, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына қажет жаңа ақпараттық технологияларды тандап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастырудың маңызы зор.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік демократиялық өзгерістерге сәйкес компьютерлік техника мен ақпараттық технологиялардың қарқынды даму салдарынан кәсіптік және орта білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күн сайын ұлғаяуда. Бүгінгі ақпараттық қоғамда өмір сүруге лайық, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектепте оқытылатын пәндер бойынша оқушының шығармашылық қабілетін дамытатын әртүрлі сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру қажет екені белгілі.

Сол себепті, кәсіптік және орта білім беру жүйесінде *өзекті мәселелердің* бірі – сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Олай дейтін себебіміз: оқушылардың шығармашылық қызметінің дамуы көбінесе сыныптан тыс жұмыстар барысында жүзеге асады. Оқыту барысындағы оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздық шығармашылығын, оны арнайы басқарудың маңыздылығын, кезінде ғұлама ғалым Сократ та атап көрсеткен болатын.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан кәсіби және орта білім беру жүйесіндесыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды жаңа ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланып жүзеге асырған дұрыс. Мұнда кәсіби және орта білім

беру жүйесінде дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту амалдарының ерекшеліктерін айқын көрсете отырып оқытылатын пәндерден сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыру керек.

Сабақтан тыс жүргізілетін жұмыс оқу жұмысын толықтырып, материалды оқушыға терең түсіндіруге, шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында ұйымдастырылады. Кәсіптік және орта білім беру жүйесінде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыс түрлеріне: үйірме, факультативтік курстар, олимпиада, әртүрлі қызықты викториналар мен сайыстар, ғылыми тұрғыда орындалатын жобалар мен жұмыстарды жатқызуға болады [1].

Кәсіптік және орта білім беру орындарында оқушылардың кез келген пәндерге қызығушылығын арттыру, ой-өрісін және танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу және өткенді шапшаң еске түсіру дағдыларын қалыптастыру мақсатында сыныптан тыс өтілетін сайыстардың маңызы зор.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ауқымы өте кең. Ол мазмұны, бағыты, әдісі, тағайындалуы, формасы мен жолдары жағынан білімділікті қажет етеді. Мысалы, үйірмелер отырысы, қосымша сабақтар, мерекелік шаралар мен сайыстар өткізу осы сыныптан тыс жұмыстарға жатады. Бірақ, кей жағдайларда оқушы белсенділігі мен басқаруында болады.

Кәсіптік және орта білім беру орындарында сыныптан тыс жұмыстарды ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану арқылы пәнаралық байланыс түрінде де ұйымдастырылады. Компьютерді қолданып басқа пәндерден сыныптан тыс шаралар өткізу оқушылардың дүниетанымы мен қызығушылықтарын арттыра түседі. Сыныптан тыс жұмыс - бұл оқытушылар мен оқушылардың сыныптан тыс уақыттағы әртүрлі «іс-әрекеттері мен іс-шараларын» ұйымдастыру болып табылады.

Сыныптан тыс жұмыс-сыныптан тыс уақыттағы өткізілетін және оқу жоспарына кіретін әртүрлі оқу-тәрбиелік іс-шаралар. Тәрбие жұмысының негізгі бөлігі болып саналатын сыныптан тыс жұмыстар-баланың өмірге қажетті әлеуметтік ортадағы тәжірибесі мен қоғамдық құндылықтарды қабылдауын қалыптастырады. Түрлі формадағы сыныптан тыс жұмыстар оқушының күнделікті сабақта байқала бермейтін жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашады. Сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі болуы оқушының өзіне сенімділігін, өзін дұрыс бақылауын қалыптастырады, сонымен қатар әртүрлі жұмыстар оқушының іс-тәжірибесі мен дағдысын, адам қызметінің әртүрлілігі туралы білімі мен біліктілігін арттырады. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар бір-бірімен барлық жағынан қарым-қатынаста болады. Әртүрлі сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар өзінің жаңа қабілеттерін ашып қана қоймай, ұжымдасып жұмыс істеуге үйренеді. Сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың белгілі бір уақыт ішінде алған білімдерін тәжірибелерін ескере отырып ұйымдастыру қажет.

Бүгінде орта және кәсіби оқу орындарында қолданылатын сыныптан тыс жұмыстардың түрлері:

- Ғылыми жобалар; кез келген пәнге байланысты сәйкестендірілген викториналар;
- сюжетті іскерлік ойындар; пікірталастар, диспуттар;
- үйірме жұмыстарын ұйымдастыру; сөзжұмбақтар құру;
- олимпиадалар мен пәндік апталықтар.

Жоғарыда аталған сыныптан тыс жұмыстардың кейбіріне қысқаша тоқталып өтер болсақ, кәсіптік және орта білім беру орындарында оқушыларды *ғылыми – зерттеу жұмыстарына* бейімдеу ақыл-ойды сатылап қалыптастыру теориясына сай жүргізілген жағдайда оқушылардың стандарт талаптарын қанағаттандыратын оқу жұмысына қол жеткізуге болады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін сыныптан тыс оқу жұмыстары ұйымдастырылуы тиіс. Кәсіптік және орта білім беру орындарында өткізілетін оқушылардың ғылыми - зерттеу жұмысының мазмұны мен өткізілу формасын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері қадағалауы тиіс.

Ал, пәндік іскерлік ойындарды өткізу үшін төмендегідей талаптарды қоюға болады:

1. Ұсынылған мәселелі сюжет оқушыларға таныс фактілерден құралады. Мұндағы пайдаланылған терминдерді олар жеңіл түсінеді, олардың жас ерекшеліктері ескеріліп,

мектеп оқушыларының танымдық мүмкіндіктеріне мәйкестігі қарастырылады. Сюжет шартында шешім оңтайлылығы және түсінікті ой берілуі көзделеді;

2. Оқушының ойына түрткі болар мәселе талаптарын қалыптастыру керек.

Кәсіптік және орта білім беру орындарында ұйымдастырылатын үйірменің табысты жұмыс істеуі үшін және оған оқушыларды тарту мақсатындағы үйірме сабақтарына пропедевтика қажет. Жергілікті өнірістік нысандардағы қоршаған табиғат, өміршен күнделікті жағдайлар, түрлі өлшемдер мен экскурсия өткізу қайнар көз болып есептеледі. Статистикалық мәліметті пайдалануда техникалық және ғылыми – көпшілік әдебиеттерімен жұмыс істеу де қажет [2].

Кәсіптік және орта білім беру орындарында ұйымдастырылатын сыныптан тыс факультатив сабақтарының негізгі мақсаты – оқушылардың білімдерін тереңдету, кеңейту, пәнге деген оқушының қызығушылығын дамыту, қабылетін дамыту, оқу орындарында оқытылатын пәндер бойынша өз бетінше жұмыстар атқаруға талғамдары мен қызығушылықтарын ояту, шығармашылықтары мен белсенділіктерін тәрбиелеу мен дамыту болып табылады. Кәсіптік және орта білім беру орындарында сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесіне жүргізілген талдаулар факультативтік сабақтар мен олимпиадалар өткізу мәселесімен ғана шектеледі.

Бүгінгі ақпараттық қоғамда өмір сүруге лайық жан - жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектепте оқытылатын пәндер бойынша оқушының шығармашылық қабілетін дамытатын әртүрлі сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру қажет екені белгілі. Осындай жұмыс түрі кәсіптік және орта білім беру орындарында оқытылатын пәндер бойынша жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстардың бірі - оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру екендігі белгілі.

Кәсіптік және орта білім беру орындарында оқытылатын пәндер бойынша өткізілетін оқушылардың ғылыми - зерттеу жұмысының мазмұны мен өткізілу формасын оқытушылар мен мұғалімдер қадағалауы тиіс. Егер пәндер бойынша ұйымдастырылған ғылыми – зерттеу жұмыстарын өткізу әдістемесі оқу процесіне енгізілсе, қоғамдағы және табиғаттағы үрдістерді зерттеу элементтері мен ғылыми көзқарасы қалыптасып, кез келген пәнге деген қызығушылығы артады; оқушының оқу мүмкіндігі мен қажеттілігі, оқуға мүдделілігі толық іске асырылуы негізінде тұлғалық даму мүмкіндігі пайда болады; өзіндік шығармашылық ойлау жүйесі қалыптасып, білім деңгейі жоғарылайды [3].

Сабақтан тыс кездегі информатикадан шығармашылық қабілеттіліктің даму тәсілдері осы салада жинақталған педагогикалық тәжірибеге, нақты педагогикалық материалдарды ұйымдастыруға, оқыту тұжырымдамасына, дидактикалық принципке байланысты екені көрініп тұр. Осы саладағы жүргізілген зерттеулерден, біріншіден, оқушының шығармашылық қабілетінің тайыздығы немесе мүлдем жоқтығы, екіншіден шығармашылық қабілеттіліктің даму қорытындысы мен оған педагогикалық тұрғыдан әсер етудің арасындағы қиыншылық байқалады. Сондықтан, оқушылардың өзіндік шығармашылықтарын жүзеге асыру төмендегідей міндеттердің шешілуін талап етеді:

Біріншіден, кәсіптік және орта білім беру орындарында әрбір пәндер бойынша өткізілетін ғылыми - зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымын анықтау алдыңғы кезекте қарастырылатын негізгі мәселе болып табылады.

Екіншіден, кәсіптік және орта білім беру орындарында әрбір пәндер бойынша өткізілетін сыныптан тыс жұмыстардың құрылымына дамытушы компоненттерді енгізу тәсілін анықтау қажет екені көрінеді.

Кәсіптік және орта білім беру орындарында бойынша жүргізілетін факультативтік курстар ұйымдастырудың орны ерекше және оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмысынан алған теориялық білімдері мен біліктерін тексеру мақсатында - сыныптан тыс жұмыстарды, сайыс сабақтарын көп дайындау керек.

Қорыта келе, зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып сыныптан тыс жұмыстарды жиі ұйымдастыру қажет. Сонда оқушылардың кәсіптік және орта білім беру орындарында әрбір пәнге деген қызығушылығы артады, өзіндік шығармашылық ойлау

жүйесі қалыптасып, білім деңгейі жоғарылайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қойбағарова Т., Ельтинова Р. Информатиканы оқыту әдістемесі: Оқулық. Алматы: «ЭВЕРО» баспасы, 2014. – 412бет.
2. Байғожанова Д.С. Информатикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру: оқу-әдістемелік құралы. І. Жансүгіров атындағы ЖМУ баспа орталығы, Талдықорған: 2013 ж, – 70 б.
3. Болсанбекова С.Қ. Информатикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру курсынан электрондық оқулық жасау: //Маг.дисс. Мамандығы: 6М011100 Информатика, – Талдықорған, 2012.

ӘОЖ 004.4

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДА ACTIONSCRIPT 3.0 ТІЛІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Майданов Адиль Кокенович

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің Инф.б-41 тобының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.-м.ғ.к., доцент Г.Қ. Абдрашева

Қазіргі кездегі жаһандану үрдісі шапшаң жүріп жатыр. Бұл үрдіс әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті [1].

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр –ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазіргі таңда барлық жастағы адамдар жұмыс немесе бос уақытының үлкен бөлігін компьютер алдында өткізеді, осы себептен оларда кітап оқуға уақыт аз қалады. Сондықтан оларға өзінің кәсіби және білім деңгейін көтеруге электронды оқыту жүйелері өте тиімді құрал болып табылады.

Бүгінгі күннің өзінде, жастардың көбісі электронды оқыту жүйелерін қолданады. Келешек ұрпақтың білім алуына,еркін дамуына маңызды рөлді электрондық баспалар алады.

«Электрондық баспа» терминінің түрлі анықтамалары бар. Мысалы электрондық баспа деп қағазға басып шығарылған кітаптың электронды түрін атайды. Ғаламторда электрондық баспалар деп аталатын PDF немесе DOC кеңейтілімдерінде сақталған, ішінде тек мәтін болатын құжаттардың саны өте көп. Сонымен қатар, Интернет желісінде презентациялар түрінде жасалынған электронды оқулықтар сұранысқа ие. Тағы «Электрондық баспа» терминіне графикалық, мәтіндік, аудио, бейне және басқа да ақпараттың жиынтығы деген анықтама бар. Оқушылар осындай электрондық баспалармен жұмыс істеген кезде, олардың пәнге деген қызығушылығы артады, себебі электрондық баспаларды меңгеруге жеңіл.

Электрондық баспаларға қойылатын бірнеше талаптар бар:

- **Қауіпсіздік.** Техникалық қауіпсіздік ережесіне сәйкес, балаларға компьютермен 20 минуттан астам уақыт жұмыс істеуге болмайды делінген. Көру жүйесіне тиетін зиянымен қатар, оқытушы мен оқушылардың арасында коммуникацияның азаюы баланың коммуникативтік дағдыларына зиян әкелуі мүмкін.
- **Ыңғайлылық.** Кіші қаріппен жазылған мәтінді,әр түрлі сызбаларды анық көрінгендей экран үлкен болуы қажет.